

40. КӨКЕМ-АЙ

II-түрі

Орындаған Серғали Әбжанов

Жүрдек, желдірте

Е - кі ішек - ті дом - бы - рам тал - дан ти - ек, а - оу,
 Ет - тен бас - қа бол - май - ды тіл - де сү - йек ай. Бө - пем - ай,
 Кө - кем - ай, Са - ғын - дым ғой жан сәу - лем, Са - ған қа - шан жет - сем - ай.

Екі ішекті домбырам талдан тиек,
 Еттен басқа болмайды тілде сүйек.

Қайырмасы:

Бөпем-ай, Көкем-ай,
 Сағындым ғой жан сәулем
 Саған қашан жетсем-ай.

Сүйген сәулем алдымда отырғанда,
 Бір азырақ сөйлейін қағып иек.

Қайырмасы:

Сөйлеп, сөйлеп тастайын сөз келгенде,
 Сөйлесін деп білемін сөз бергенде.

Қайырмасы:

Дауысыңды аяма шырқатайық,
 Сүйген сәулем алдына кез келгенде.

Қайырмасы.